

**М. Мухамедияров, ҚР Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының  
3-базам тыңдаушысы**

**Фылыми жетекшісі: Т. Н. Сулейменов, ҚР Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының қылмыстарды алдын ала төргеу кафедрасының аза  
оқытушысы, заң өылымдарының кандидаты**

## **ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУДІҢ СТРАТЕГИЯСЫ**

Елімізде жыл сайын арта түскен нашақорлардың саны кімді болсын бей-жай қалдырымайтыны белгілі. Ішкі істер министрлігі тарапынан нақты шаралар қабылданып, ауқымды жұмыстар жасалып, есірткі заттарды елімізге келу жолдарына тоскауыл қойылып жатыр. Есірткі заттарды таратумен байланысты қылмыстардың бірі болып халықтың денсаулығына зиян тигізетін құқыққа қарсы әрекеттер жатады. Бұл қылмысқа қарсы құресу мемлекеттің ішкі саясаты ретінде табылып құқық коргау органдарымен азаматтардың құқығын, бостандығын және занды мұдделерін коргауга бағытталады. Мемлекеттердің ішіндегі өз азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмауы экономикалық -әлеуметтік және мемлекеттің мәдени дамуына әсерін тигізуі — ұлттық мекемелердің бірлестігі мемлекеттің Жолдауында көрсетілген.

Осындай ауыр жағдайларда Қазақстан Республикасының үкіметі зансыз есірткі заттарды айналымын көкейкесті мәселе ретінде қарап, оған тоскауыл қоюға тиімді шаралар колдануда.

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға арналған стратегиясына сәйкес 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша жоспарланған жұмыстар атқарылуда. Жұмысты одан әрі жалғастыру үшін 2009-2011 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы құрес бағдарламасы бесітілген. Бағдарламаның негізгі мақсаты – нашақорлықпен зансыз айналымды теріс пайдаланушылықтың есүін тоқтату мен Қазақстан Республикасында тұрғындар арасында есірткі таратуды болдырmaу жағдайын жасайтын іс-шараларды қарастыру, жетілдіру болыш табылады<sup>1</sup>.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың үкіметтік берген тапсырмасында есірткіге, және есірткі бизнесіне қарсы құресу айқын көрсетілген. Соңғы жүз жылдықта есірткі өзінін маңыздылығын химиялық препараттар арқылы көтеріп, адамдардың денсаулығына және мемлекетке қауіптілік тудырды<sup>2</sup>. Мемлекеттің есірткіге қарсы жүргізген белсенді саясатының тиімділігі төмен болып отыр. Бірақ есірткінің зансыз айналымына қарсы әрекетті дұрыс түрде ұйымдастыру, кебінесе қылмыстың алдын-алуына әсерін тигізуде. Қазіргі кезде зансыз есірткі айналымына баға беру, оның алдын-алуға шаралар колдану керек. «Астана – есірткісіз қала» енірлік бағдарламасы іске асыруда, ішкі істер органдары слордамызда ағымдағы жылы 121 есірткі қылмысын, оның ішінде 74 сату фактісін аныктады. Зансыз айналымнан 88 кг. геронн тәркіленді. Есірткі сату орындары, 7 есірткі притоны мен 36 есірткі арнасы жойылды<sup>3</sup>. Мұндай жағдайлар есірткіге қарсы құресудің жұмысын жақсартады. Құқық коргау органдарының содерінің алға ийгін миссияттарымен жақсы нәтижеге жетуі, есірткі айналымына құресудің көптеген нотисісін береді. Біздің көзқарасымызда есірткі қылмысъ на қарсы әрекет жүйесі құқықтық, материалдық, техникалық жағдайларға сүйеніп жасалады.

Халықаралық есірткі қылмысын ашу және тергеу ТМД елдер арасында құқық қорғау органдарының бірлесіп қызмет жасауы қызметкерлердің кәсіптік деңгейін арттырады. Көрші және шет елдердің тәжірибесін қолдануға септігін тигізеді.

Біздің пікіріміз бойынша есірткі қылмысына әрекет саяси құқықтық және қаржылық сипатқа байланысты болып келеді. Бүгінгі күні заңнамалық және басқа құқықтық базалар құрылуда. Жеке ғылыми зерттеулердің тиімді нәтижелері бұл қылмысқа қарсы күресудің басқа да әдістерін, тәсілдерін ойлап табуға бағыттайты. Бірлесіп осы қылмысқа қарсы күресу; субъекті жүйелерінің жұмысын арттыруға; олардың қызметтерінің келісім арқылы жасалуы; тапсырмаларды шешу, қызметтер мен ведомствалар бірлесіп қызмет етуі, мемлекеттердің мүдделерін қорғайды. Бірақ мұндай шараларды жүргізу қындықтарды туындалады және қаржылық жағдайлар әсерін тигізеді. Халықаралық есірткі қылмыстарының дамуына талдау жасау, оған қарсы күресудің мемлекеттер арасындағы құқық қорғау органдарының жұмыстарының нәтижесін көрсетеді. Әзірше бұл бағыттағы шаралар тұрақты емес, бірақ осындай шаралардың жүзеге асуы саяси шешімдерді және құқықтық базаны құруға бағыттайты.

---

<sup>1</sup> Қазақстан полициясы. № 7 (143) шілде 2009. — 10-б.

<sup>2</sup> Н. Ә. Назарбаев, 10 жылдықтың сыны. — Алматы: Атамұра, 2003. — 111-б.

<sup>3</sup> Қазақстан полициясы. № 7 (143) шілде 2010. — 11-б.